

*Бекітемін:
«Күниуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.*

«Ғажайып ғарыш»

(кіші «Алпамыс» тобының ұйымдастырылған ашық оқу қызметі)



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б

Таушық, 10,04,2024

Мақсаты: Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-ші сәуір ғарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Табиғат сұлулығын сезінуге, оны қорғауға, батылдыққа, адамгершілікке, ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері.

Армысың асыл күн!

Армысың асыл жер!

Армысың көк аспан!

Армысың достарым!

Жылуыңа жылу қос,

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- Көктемде табиғат қандай құбылыстарға өзгереді?

- Көктемнің неше айы бар? Айларын атаңдар.

- Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші?

- Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады. Ендеше балалар сендерге жұмбақ жасарғым келіп тұр.

Жерде болса тұрағым,

Марсқа ұшып тұрамын.

\ғарышкер\

Тосын сәт.

Аспан әлемінен қонаққа Ғарышкер келеді.

Ғарышкер балаларды аспан әлеміне саяхатқа апарды.

- Біз, қазір балалар, аспан әлеміне барамыз. Кәне, барлығың еркін отырып, көздеріңді жұмып, көз алдарыңа аспанда ұшып жүргендей болып елестетіңдер (үнтаспадан музыка әуені естіледі). Біз ұшаққа отырып, аспанға көтерілдік. Аспанда күн бізге күлімсіреп қарап сәулесін шашып тұр.

(Балаларға ғарыш туралы түсінік беру)

Ғарышкер: - Мынау аспан әлемі. Аспан әлемінде көптеген жұлдыздар, шоқ жұлдыздар бар.

Аспан әлемінде 9 ғалам бар. Сол ғаламның үшіншісі Жер деп аталады. Ал біздер сол Жер ғаламында өмір сүреміз.

- Балалар сендер қандай әуе көліктерін білесіңдер?

- Иә, ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен.

Ең алғаш ғарышқа ұшқан Ресей азаматы ол- Юрий Гагарин. Ол 1961 жылы 12 сәуірде ұшты.

1991 жылы ғарышқа Қазақстаннан алғаш рет қазақ ғарышкері ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ұшты. Ғарышта адам демалатын ауа жоқ, көлеңке жағы қатты суық, күн түсіп тұрған жағы өте ыстық болады екен.

1. Бүгін Юрий ағаның,

Ұшқан күні ғарышқа.

Мен аспанғақараймын,

Мен ғарышкерболамын. (Мадина)

2. Барлықәлемқарады.

Досқұшақтараспанға,

Көтеріліпбарады. (Әлия)

Алтын бесік тербеткен,

Мүмкін олар ертең-ақ,

Ізбасарың болады. (Дінмухамет)

6. Ғалым болам десеңіз,

Білімді жина басынан.

Ғарышқа ұшам десеңіз,
Шынықтыр дене жасыңнан.(Еркеназ)

7. Тоқтар ұшты ғарышқа,
Талғат болды ғарышта.
Таңғалдырып қазағым,
Тағы ұшса марсқа.(Аяна)

8. Аспан, аспан, арайлым,
Саған жиі қараймын,
Сені көзбен шоламын,
Мен ғарышкер боламын.
Ғарышкермендеболамын,
Боламындесемболамын.
Көктіңжүзінбарлаймын
Үлкенғалымболамын. (Мадина)

- Балалар, сендер ғарышкер болғыларың келе ме?
- Балалар, кәне бойымызды жазып сергіп алайық.

Сергіту сәті:

Ал балалар тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Оңға қарай бұрылып,
Солға қарай бұрылып,
Бір отырып, бір тұрып,
Бой сергітіп алайық.

Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру»

Ойын шарты: балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б.

Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру.

Әртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу.

Қорытындылау.

Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.

Балалар, ғарышкер болуды армандайтын бала жоқ шығар? Ал ол үшін білімді, зерек, күш – қайраты мол азамат болып өсулерің керек. Өйткені, ғарышқа кез келген адамды ұшыра бермейді. Сол үшін апайларыңды тыңдап, тәртіпті, шыныққан бала болуларың керек. Тоқтар ағаларың, Талғат ағаларың сияқты Қазақстанның бетке ұстар азаматтары болуларыңа тілектеспін! Сау болыңыздар!

